

«Ақтөбе облысының білім басқармасы, Ақтөбе қаласы білім бөлімі» КММ-нің «№13 орта мектебі» КММ – нің аттестаттау негізінде кемшіліктер мен ескертулерді жою бойынша қорытынды анықтама

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылдың 16-20 қыркүйек айында өткізілген мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшіліктерді жою мерзімі 2025 жылдың 1 ақпан деп бекітілді.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№13 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшіліктерді жою мақсатында жұмыс жоспары бекітіліп, департаментке ұсынылды.

№13 орта мектебі бекітілген жоспарға сәйкес мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшіліктерді жою мақсатында атқарылған жұмыстар бойынша есебін жолдайды.

2024 жылдың 31 қазандағы педагогикалық кеңес отырысында №2 хаттамасы негізінде өткізілген мемлекеттік аттестаттау кезінде анықталған кемшіліктерді жою жоспары бекітілді.

Сілтеме: https://drive.google.com/file/d/1sxbo_byD8abGEcLK4wH1XyWygAHt4mHD/view

Бекітілген жоспарға сәйкес келесі іс- шаралар атқарылды:

1. 2023-2024 оқу жылында мектепалды сыныптың оқу жұмыс жоспарында күнделікті іс-әрекетке сағат сандары қойылған, дұрысы «Күн сайын» деп жазылуы тиіс;

Аталған кемшіліктерді түзету барысында:

2024-2025 оқу жылының мектепалды даярлық сыныбына арналған тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымшасының 2-тарауының 4-тармағының 3-тармақшасының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына 3-қосымшасының талаптарына сәйкес жасалды. Дәлелдеме құжаттар қоса тіркеліп, мектеп сайтына жүктелді.

Сілтеме: https://drive.google.com/file/d/1sS_SUwj1abFB7FpYtZqMujwf8ytr26Q4/view

2. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері ұсынылмаған;

Аталған кемшіліктерді түзету барысында:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті 1-қосымша 2-тарау, 6-тармағына 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері ұсынылды. Дәлелдеме құжаттар қоса тіркеліп, мектеп сайтына жүктелді.

Сілтеме: <https://drive.google.com/file/d/1ZYW8yLsF7rTyGMcBKQfm1ZXNPA5bRsLW/view>

3. Мектепалды сынып ата-аналары мен тәрбиешілерінің сауалнама нәтижесі зерделеуге ұсынылмаған;

Аталған кемшіліктерді түзету барысында:

Мектепалды сынып ата-аналары мен тәрбиешілерінің сауалнама нәтижесі уақытылы алынды, бірақ қорытындысы ұсынылмаған. Кемшіліктерді түзету мақсатында қорытындысы мектеп сайтына жүктелді.

Сілтеме: https://drive.google.com/file/d/1EXgMOOBcCev4Jf5f6PbL8DsgSHkS5Y3_/view

4. 2023-2024 оқу жылына 1 - сыныпта барлық оқу тоқсанының сабақ кестесінде "Ана тілі" деп көрсетілген (Негізі: *Сабақ кестесінде 1-сыныптың I жартыжылдығына "Әліппе", II жартыжылдығына "Ана тілі" деп көрсетілуі тиіс*).

Аталған кемшіліктерді түзету барысында:

2024-2025 оқу жылының 1-сыныпқа арналған сабақ кестесі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 11 – тармағына сәйкес жасалды. Дәлелдеме құжаттар қоса тіркеліп мектеп сайтына жүктелді.

Сілтеме: <https://drive.google.com/file/d/1Lr051R-2V0r-7zf0GONyn6PHfQJsaGbx/view>

5. Бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог -сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесін анықтау мүмкін болмады. Педагогтердің жүктемесі (кластардағы сағаты) 7- қосымшада ашып көрсетілмеген, тарификациялық кесте сайтқа салынбаған. Өзін өзі бағалау анықтамасында да бөліп көрсетпеген.

Аталған кемшіліктерді түзету барысында:

Бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан сапалық үлесі бөліп көрсетіліп, педагогтердің жүктемесі көрсетілген тарификациялық кестемен бірге мектеп сайтына жүктелді.

Сілтеме: https://drive.google.com/file/d/1a7_Jam7ReBaGyS0RRs9xMfZwo4lh44y_/view

6. Төменде көрсетілген педагогтерде біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыру/растау талаптары сақталмаған 12 педагог анықталды:
- Досжанова Гулбану Досжановна (көркем еңбек пәні мұғалімі, еңбек өтілі – 19 жыл);
 - Кайреденов Дамир Бактлеуович (көркем еңбек пәні мұғалімі, еңбек өтілі – 9 жыл);
 - Төлегенов Алмас Ертайұлы (құқық пәні мұғалімі, еңбек өтілі – 7 жыл);
 - Бисенбина Динара Молдабековна (тарих пәні мұғалімі, еңбек өтілі – 12 жыл);
 - Конысова Елизавета Петровна (математика пәні мұғалімі, еңбек өтілі – 25 жыл);
 - Үкібаева Айгерім Төребайқызы (математика пәні мұғалімі, еңбек өтілі – 8 жыл);
 - Батырханова Бибигуль Ермуканбетовна (ағылшын тілі пәні мұғалімі, еңбек өтілі – 11 жыл);
 - Атjumбекова Самал Аманжоловна (ағылшын тілі пәні мұғалімі, еңбек өтілі – 10 жыл);
 - Еламанова Гулмира Ақылбекқызы (ағылшын тілі пәні мұғалімі, еңбек өтілі – 7 жыл);
 - Аманғалиева Гүлшат Жұмабекқызы (ағылшын тілі пәні мұғалімі, еңбек өтілі – 6 жыл);
 - Курманова Гулназ Максұтовна (орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, тәлімгер еңбек өтілі- 17 жыл);

Медеуов Нурлан Бекболатович (информатика пәні мұғалімі, еңбек өтілі – 12 жыл);

Аталған кемшіліктерді түзету барысында:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізімінде №30721 болып тіркелген)

бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі- біліктілік талаптары) сақтау бойынша біліктілік талаптарына сәйкес емес,- деп көрсетілген он екі педагогтің тоғызына біліктілік санаттары берілді, бір педагог-өз арызы бойынша жұмыстан босатылды, бір педагог-декреттік демалысқа шықты, бір педагогтың сағат жүктемесі біліктілік санатынан өте алмауына байланысты алынып тасталды. Дәлелдеме құжаттар қоса тіркеліп, мектеп сайтына жүктелді.

Сілтеме: <https://drive.google.com/file/d/167qJXvxCCxOEM9fmMr8GRO4RuNiy6Q3h/view>

7. Мектептің бастауыш класс балаларының киіміне арналған жеке шкафтармен жабдыкталуы туралы мәлімет ұсынылмаған.

Аталған кемшіліктерді түзету барысында:

№ 385 бұйрықпен бекітілген жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтардың болуы (№ 70 бұйрықпен бекітілген тізбеде оқулықтарды, аяқ киімді, спорттық керек-жарақтарды және сыртқы киімді сақтауға арналған жеке шкаф көзделген). Бастауыш сынып оқушыларына арналған жеке шкафтар туралы мәліметтер мектеп сайтына салынды, дәлелдеме құжаттар қоса тіркелді.

Сілтеме: https://drive.google.com/file/d/1xQsMr-01_TXfQmtZoXkN0bTWL4CH6_QA/view

8. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша «Жолда жүру ережелері», «Өмір қауіпсіздігі» курстарының орындалуы туралы ақпараттың ұсынылмауын зерделеу, нәтижеісін ұсыну-делінген.

Аталған кемшіліктерді түзету.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары аралығында «Жолда жүру ережесінің» міндетті оқу курсы 1-8 сыныптарда сынып жетекшілері сынып сағаттарында жүргізілді.

Оқужылы	1-4 сыныптардағы сынып сағатысаны	5-8 сыныптардағы сынып сағатысаны
2021-2022	6сағат	10сағат
2022-2023	6сағат	10сағат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 2-қосымшасының 2-тарауы 1-параграф 25-тармағына сәйкес " Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптарымен мерзімі көрсете отырып, іске асырылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 3 – қосымшасы 2-тарауы 1-параграфы 35 -тармағына сәйкес,"Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10сағат көлемінде жүргізілді. және сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптарымен мерзімі көрсете отырып, іске асырылды."Жол қозғалысы ережелері курсының бағдарламасы «Күнделік.кз» электронды журналында толтырылды. Алайда жүктелу кезінде тақырыптар алынбай қалған. Дәлелдеме ретінде сыныптардың тақырыптық-тәрбие жұмыстары салынды.

Өзін-өзі аттестаттау материалдарында 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" курсының меңгеру туралы ақпарат берілген, алайда Kundelik.kz платформасын жүктеу кезінде тақырыптар түспей қалған. Дәлелдеме ретінде пән мұғалімдерінің күнтізбелік тақырыптық жоспарлары салынды. Курс мазмұны 1-4 сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде 1-3-сыныптарда 6 сағатты, 4-сыныпта 10 сағатты бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен, 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен, 10-11 сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» курсының жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық мұғалімінің оқытуымен 12 сағатты қамтыды. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы 2023-2024 оқу жылында «BilimClass» электронды журналына стандартқа сай толықтырылған, яғни 1-3 сыныптарда «Дүниетану» пәніне тақырыптарымен кіріктіріліп 6 сағат, 4 сыныпта 10 сағат, 5-8 сыныптарда «Дене шынықтыру» сабағына тақырыптарымен кіріктіріліп жылдық жүктемемен 15 сағат, 10-11 сыныптарда «Алғашқы әскер дайындық» сабағына тақырыптарымен кіріктіріліп 12 сағат жүргізілді. Дәлелдеме құжат ретінде материалдар мектеп сайтына жүктелді.

Сілтеме: https://drive.google.com/file/d/1vJKyhKlbUWUQ9i790uul_eM02paQH1fR/view

9. **ҚР Оқу -ағарту министрлігінің «Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі ұсынымдарды бекіту туралы» 2023 жылғы 3 наурыздағы №61 бұйрық аясында жұмыстар «Өзін өзі аттестаттау» материалдарында көрініс таппаған. Сонымен қатар мектеп сайты мен мектептің инста парақшасында «Сенім жәшігі» «Сенім телефоны» туралы ақпарат жаңартылмаған-делінген.**

Аталған кемшіліктерді түзету .

ҚР Оқу -ағарту министрлігінің «Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі ұсынымдарды бекіту туралы» 2023 жылғы 3 наурыздағы №61 бұйрық аясында жоспар құрылып, мектеп директоры тарапынан бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар жүргізілді. «№13 орта мектебі» КММ 2021 – 2022 оқу жылында «Тәуекел тобы» тізіміне ішкі тәртіп ережесін бұзуға жол берген 6 «Ә» сыныбының 3 оқушысы тіркелді. Білім алушылармен және олардың заңды өкілдерімен мектеп әкімшілігі, психологтар тарапынан профилактикалық жұмыстар жоспарға сай жүргізілді. Білім алушылардың өмір қауіпсіздігіне байланысты олардың аты-жөні көрсетілмеді. Есепке алынған білім алушыларға тәлімгер ретінде сынып жетекшілері және пән мұғалімдері тағайындалды. Мектеп сайты мен мектептің инста парақшасында «Сенім жәшігі» «Сенім телефоны» туралы ақпараттар жаңартылды. Дәлелдеме құжаттар мектеп сайтына жүктелді.

Сілтеме: <https://drive.google.com/file/d/1Xy2X463ZY9dZZrzmE2oOaLZ76unRGeDy/view>